

Шыңғыс ханның мазары

Осыдан 847 жыл бұрын Кіндік Азияда, дәлірек айтсақ, бүгінгі Монғолия Республикасының шығыс солтүстігіндегі Кентей жотасының Дэлүн-болды атты орманды сайдың бір қуысындағы киіз үйде оң қолына қан шеңгелдеп бір бала шар етіп өмірге келді. Әлем дір етті...

Суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын, қайрат пен жігер, найза сүңгімес намыс пен темірдей төзімділікті Тәңір оған мейлінше мол сыйлапты. Ол аз дегендей алып ақыл, пайымды парасатты үйіп-төгіп беріпті. Табынар иесі бір Тәңір болса, қолға ұстаған дұғасы Бірлік – Ынтымақ болды. Ақылшысы да, бас иетін пірі, құдайы да – Анасы Алун-қуа. Оның қолға ұстаған ұраны Бірлік – Ынтымақ!

Шыңғыс хан өзіне қандай мақсат қойды? Шыңғыс ханның алға қойған мақсаты тым үлкен еді. Ол Монғол елімен ғана шектелмей дүние жүзін бір ғана алып империя қол астына бағындырып, әлем халықтарына бейбіт, тыныш әрі жақсы өмір сүру мүмкіндігін алып беруге ұмтылды. Шыңғыс хан соңғы сөзінің бірінде: «Өмір сүрген қамшының сабындай аз уақытымда адамзаттың мың жылдық тыныштығын ойлап қолыма қару алдым. Осы мақсатымнан ғажайып мол қуат алып, ұлы қолды жігерлендіріп, қолбасшылардың жан-жүрегін иемденіп, рухына рух қосып соғысқа кіруші едім» деген екен.

Шыңғыс хан ұлы далалықтардан бастап бүкіл әлемді заңдық құқықта өмір сүруге, заңмен өзін қорғауды үйреткен қайраткер. Қоғамда өмір сүріп отырған адам атты пендеге әділеттілікті заңмен ұстатқан тұлға.

Монғол империясының билік басындағылар Ұлы қағанның қайтыс болғанын, оның қайда жерленгенін соншама құпия ұстаған. Қағанның жылдығында оның өмірден өткені туралы хабар таратқан.

Ұлы тұлға ол дүниелік болғанымен, оның аруағы әлем тарихымен бірге бүкіл континентті сілкіндіріп аунап түсіп, рухы әлсін-әлсін адамзатты ойға батырды. Қасиетті рух бүкіл әлемді түртіп оятып тыныштық бермеді. Ұмытуға, ұмытылуға тиісті емес екенін киелі рух адамзаттың есіне сала берді. Мындаған кітаптар мен мақалалар, ондаған кинолар мен пьесалар айналды. Сөйтіп, Ұлы қағанның мүрдесін іздеу жорығы басталды. Соңғы 200 жылда 100-ге жуық экспедиция Орталық Азияны кезіп, басын тауға да тасқа да ұрды. Сол жолда мерт болғандар да баршылық. Барлығы да сәтсіздікке ұшырады.

Атақ шығаруды мақсат еткен алаяқтар бірнеше мәрте ұлы адамның жатқан жерін таптық деп жалған ақпараттарды таратты. Бірақ, бәрі де жалғандықтан аспады. Ұлы тұлғаның мүрдесін іздеген 200 жылда шетелдік

бір ғана адам қаған мазарының басына барып қайтыпты. Ол 1903 жылы америкалық кезбе (атын ұмыттым) Кентай жотасындағы Бурхан-Халдун тауына барған. Сонда алты ай бойы тұрып, тұрғын халықпен етене шүйіркелесіп, ішіне кіріп ел аузындағы аңыздарды жазып ала отырып, Бурхан-Халдун тауына шыққан. Сапарын аяқтаған соң еліне барып Шыңғыс ханның мазары Бурхан-Халдун тауының үстінде деген тұжырым жасап жолсапар белгілеуін жариялаған.

1795-1847 жылдары өмір сүрген монғолдың атақты ғұлама тарихшысы әрі жазушы Ванчинбал «Көк судар» (Киелі шежіре) атты тарихи еңбегінде (кейін бұл еңбекті ұлы Инжинаш жалғастырып жазып аяқтаған): «Шыңғыс ханның мүрдесін Онон, Керулен өзенінің бастау алған басы, Бурхан-Халдун тауының төбесіне тас үй орнатып жерлеген. Мүрдені шынар ағашынан жасалған сандыққа әспеттеп орналастырып, сандықты үш алтын белдікпен сақиналап бекіткен. Алтын белдікті сандық арнайы айналмалы механизмге орнатылған деген аңыз бар. Тәңірдің қалауы бойынша қасиетті сандық ғасырда бір рет орнында айналып тұрады-мыс. Алтын құрсаулы сандықтағы Шыңғыс хан мүрдесінің басы шығысқа қараған уақытта мазарды ашса қауіп-қатерсіз болады-мыс. Сол кезде мүрдені шығаруға рұқсат беріледі деп есептейді. Күн шығыстан көк бұқа мініп келген, белуарына түскен сақалы бар қарт адам бастап мүрдені ашуға тиісті дейді. Мүрденің басы күн шығысқа қарамаса табылмайды да, табыла қалған жағдайда ашуға, шығарып алуға болмайды. Ондай жағдайда мүрденің киесі атады-мыс. Табиғат апаты болады, күтпеген алапат соғыс басталады. Адамзатқа емі табылмас індет тарайды-мыс деген аңыз бар» деп жазып қалдырған. Аңыз монғолдар ортасында да ауызша сақталған. Бұл ақпараттардың сыртында көшпелілер әлемінің әйелдері, соның ішінде монғол әйелдері «қасиетті» деп аталған тауға шығуды ұйғармайды. Өйткені «қасиетті» деп аталған тауларда Ұлы адамдардың мүрдесі жерленген. Ұлы мүрдені төмен етектегі әйелдер басатын жосын жоқ. Егер ондай жағдай болса бұл аса ауыр күнә деп есептелген. Жоғардағы жазба және ел аузындағы аңыздар мен ұлттық дәстүрге әбден қаныққан Нямаагийн Даваа деген монғол азаматы Ұлы қағанның мүрдесін іздеуге бел буған. Талай монғолдар ұлы бабасының мазарын табуға атсалысқан. Соның ішінде бұл Н. Даваа деген кім?

Нямаагийн Даваа Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінің басында туып, сонда ойнап өскен. Оның бабалары Күлтегін мен Білге қаған кешенінің шырақшысы болған екен. Кішкентайынан ұлы әкесінің тәрбиесін көріп, сол кісінің айтқан талай аңыздарын естіп, миына тоқып сусындаған. Ұлы әкесі Күлтегін кешені орналасқан Көшө-Цайдам жазығының оңтүстік шығысында 6 шақырым жердегі Шиветі-Қайрхан тауының басына Давааны ертіп апарды.

Таудың үстіндегі тастан арнайы қалап тұрғызған алып кешенді көрсетеді. «Бұны сырт адамға айтуға, көрсетуге болмайды. Мұнда аса үлкен құпия жатыр. Осы құпияны ашуға атсалыс» - деп атасы тапсырады. Монғолдар өте ішті халық. Біз талай рет сол жерге барып, тұрғын халқымен әңгімелесіп, ішке тартып сырласып жүргенімізде бірде бір рет бұл жер тура- лы тіс жарып, сыр ашпаған.

Сол кішкентай Н. Даваа азамат болып ат жалын тартып мінеді. Бизнеспен айналысып туристік база құрады. «Анод» атты коммерциялық банк орнатады. Ақша бар, дәулет жетеді. Енді ол ата өсиетін орындауға атсалысады. Таудағы кешен Шыңғыс хан мазарын табуға бір себеп болатындай, соған көмектесетіндей болып сезіне береді. Сөйтіп ол Мысырға барады. Ферғаун патшаларын таудың астын тесіп жерлегенін көреді. Тан дәуіріндегі қытай патшаларын таудың ұшар басына таяу астын тесіп дәліз шығарып жер үй орнатып жерлегенін көреді. Сөйтіп ол ең әуелі Күлтегін кешенінің алдындағы Шиветі-Қайрхан тауындағы кешенге тарихшы Ж.Бор, археолог О. Батсайханмен бірге қазуға кіріседі. Кешенді үйметастардан тазалау кезінде Білге қағанның мүсінін табады. Алып кешенді бір-екі жылда қазып біту мүмкін емес екені түсінікті. Алғашқы нәтижесі анықталады.

Н. Даваа Білге қаған кешенін қазу үстінде Монғолия Ғылым академиясы мен Үкіметіне мәселе қоя отырып, олардың лицензиясын алып «Тәңір тегі» атты ғылыми зерттеу қор құрып, Бурхан-Халдун кешенін қазу әдістемесін жасайды. Осыдан кейін жоғарыдағы ақпараттарды сараптай отырып, геолог, геофизик, радиофизик, археолог іспетті арнайы мамандармен, қазіргі заманғы техникамен жабдықталған экспедиция ұйымдастырып, Бурхан-Халдун тауының үстіндегі кешенмен екі жыл бойы жұмыс жасаған. Тікұшақпен аэрофотоға түсіріп ғарыштық ақпараттарды пайдаланады.

Бурхан-Халдун тауы теңіз деңгейінен 2367 м биіктікте. Кезінде монғолдың тайчуд тайпасы Темүжінді ұстап алып өлтірмекші болғанда, осы Бурхан-Халдун тауына келіп бой тасалап, Түнкіліг-Қорқының (Түңкелі бұлақ) басына жеті тәулік түнеп жаны аман қалған еді. Хорезм шахына жорыққа аттанар алдында Шыңғыс хан Бурхан-Халдун тауының ұшар басына шығып үш күн, үш түн бойы мойнына кісесін салып тұрып Тәңірден тілек тілеген. Қандай бір ұлы жорыққа аттанар алдында осылайша Бурхан-Халдун тауына шығып тілек тілеп бір Тәңірдің алдында уәжін айтып жеңілдеп аттанатын болған. Енді міне, сол Бурхан-Халдун тауының үстінде Ұлы қағанның мүрдесі орналасыпты.

Бурхан-Халдундағы кешеннің биіктігі 22 м, ұзындығы 280 м, көлденеңі 190 м екені анықталды. Геофизикалық бақылаулар жүргізеді. Радиометр мен

радиомагниттік әдістемелер арқылы жүргізілген сараптамалардың нәтижесі бірдей шығады. Сараптамалардың нәтижесінде таудың үстіндегі кешеннің астында 30 м тереңдікте бағалы металл және сүйек орналасқан табыттың суретін шығарады. Осылайша, бұл адам мүрдесі жерленген орын екені анықталады. Жоғарыдағы жазбаша дерекпен ел аузындағы әңгіме бойынша Шыңғыс хан мүрдесі осы деген қорытындыға келген. Шыңғыс ханның мазары табылғаны туралы ресми ақпаратты 2008 жылдың басында жариялады.

Тарихшы һәм жазушы Ванчанбал «Көк судар» атты еңбегінде Бурхан-Халдун тауының айналасындағы кіші таулардың үстінде Шыңғыс ханның ұлдары Өгөдей, Толуй, немерелері Мөңке, Күйік төртеуі жерленгенін ашық жазған. Міне, осы төрт ұлы қағандардың төртеуінің де мазарлары түгелдей Бурхан-Халдун маңынан табылып отыр. Ұлы қағанның мазары осылайша табылды. Өкініштісі, Ұлы қағанның сүйегін сырқыратып мазарын қазуды монғол халқы рұқсаттамайды. Бұған монғол үкіметінің үкімі жүрмейді. Себебі, монғол билігі халықтың уысында. Демек мазарды ашуға бүкіл ұлт рұқсат бермегендіктен қаһарлы қаған мазары әлі де 1000 жыл бойы әлемнің ашкөздерінен құпиясын сақтап жата берер. Техниканың соңғы жаңалықтарының мүмкіншілігін сарқа пайдалана отырып, мазар кешенін қазбай-ақ құпиясын ашар...

Ұлы қаған әлем пендесіне көптеген өсиет қалдырған еді. Соның бірлі-жарымын назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік. Шыңғыс хан өсиеттері Адам туса бір дәуірлік, Көк шықса бір мезгілдік. Жасаған көмегінді көмейіңнен шығарма. Жайсыз қылығыңды кішкентай деп ойлама. Жақсы да, жаман да болымсыздан басталады. Шыққан тегінді ұмытпауды – ұрпағыңа, Ішкен суынды ұмытпауды – досына үйрет. Тау гүлі жаңбыр көрсе жанданады, Тау тұлғалар сын естісе тазарады. Жасанды гүл жаңбыр суымен жоғалады, Жағымпаз жандар сын естісе қуарады. Өзіңнің кемшілігіңді басқадан естіп білгенің жақсы, сезіміңнің кемшілігін өзің біліп жеңгенің жақсы. Бишікте отырып ұрлық қылсаң, өз басыңмен төлейсің. билікте отырып ұрлық қылсаң, ұрпағыңның тағдырымен төлейсің. Ағаш кесуге өткір балта керек, алтын таққа алып парасат керек. Мәйекті сөзін айтпаған білімді ғалымнан, түйсігін айтқан ақымақ артық.

Қаржаубай Сартқожаұлы, *филология ғылымдарының докторы, тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Түріктану, алтайтану F30 орталығының директоры*